

"Қарағанды облысы Осакаров ауданы Ертіс ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысы Осакаров ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 9 маусымдағы № 32 /04 қаулысы. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 29 маусымда № 3304 болып тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Осакаров ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 27 сәуірдегі № 21/03 қаулысымен.

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Осакаров ауданы әкімдігінің 27.04.2016 № 21/03 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Казақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы ", 2000 жылғы 27 қарашадағы " Әкімшілік рәсімдер туралы" Зандарына және Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 29 қазандағы № 410 " Қазақстан Республикасы мемлекеттік органының үлгі ережесін бекіту туралы" Жарлығына сәйкес аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса берілген "Қарағанды облысы Осакаров ауданы Ертіс ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің Ережесі бекітілсін.
2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімі аппаратының басшысы Валентина Владимировна Абильсейтоваға жүктелсін.
3. Осы қаулы оның алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

С. Аймақов

О с а к а р о в	а у д а н ы	ә к і м д і г і н і н
2 0 1 5	ж ы л ф ы	м а у с ы м д а ғ ы
№	3 2 / 0 4	қ а у л ы с ы м е н
бекітілген		

"Қарағанды облысы Осакаров ауданы Ертіс ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің Ережесі

1. Жалпы ережелер

1. "Қарағанды облысы Осакаров ауданы Ертіс ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – мемлекеттік мекеме) мемлекеттік

басқарманың шеңберінде басшылық етеді, аулыдық округі аумағында мемлекеттік саясатын жүргізуге қамтамасыз ететін, Қазақстан Республикасының мемлекеттік органды болып табылады.

2. Мемлекеттік мекемесі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

4. Мемлекеттік мекеме азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

5. Мемлекеттік мекеме егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

6. Мемлекеттік мекеме өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

7. Мемлекеттік мекеме құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

8. Мемлекеттік мекеменің заңды мекен-жайы: 101006, Қарағанды облысы, Осакаров ауданы, Ертіс ауылы, Юбилейная көшесі, нөмір жоқ үй.

9. Мемлекеттік органның толық атауы - "Қарағанды облысы Осакаров ауданы Ертіс ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі.

10. Осы Ереже мемлекеттік мекеменің құрылтай құжаты болып табылады.

11. Мемлекеттік мекемесінің қызметін каржыландыру жергілікті бюджеттен жүзеге асырылады.

12. Мемлекеттік мекеме кәсіпкерлік субъектілерімен мемлекеттік мекеменің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау түрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер мемлекеттік мекемесіне заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтеп алғынған кірістер мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2. Мемлекеттік органның миссиясы, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері

13. Мемлекеттік мекеменің миссиясы:

тиісті әкімшілік-аумақтық бірлікте мемлекеттік саясатты Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

14. Міндеттері:

1) Қазақстан Республикасы Президентінің мемлекет егемендігін, конституциялық құрылышын қорғау және бекіту, азаматтардың құқығы мен бостандығын қамтамасыз ету саясатын жүзеге асыру;

2) тиісті аумақтарды дамытудың мүдделерімен және қажеттіліктері байланысымен атқарушы биліктің жалпы мемлекеттік саясатын жүргізуі қамтамасыз етуде ауылдық округі әкіміне жәрдем көрсету;

3) ауылдық округте мемлекеттік, әлеуметтік-экономикалық саясатың негізгі бағыттарын әлеуметтік және экономикалық үрдістермен басқара отырып жүзеге асыру;

4) заңдылық пен құқық бұзушылықты нығайту, азаматтардың құқық санасының деңгейін және олардың еліміздің қоғамдық-саяси өміріндегі белсенді азаматтық айқындастасын арттыру бойынша шараларды жүзеге асыру;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де міндеттер.

15. Функциялары:

1) Қазақстан Республикасының Зандарын, Президент пен Үкімет актілерінің, облыс, аудан және ауылдық округі әкімдерінің шешімдері мен өкімдерінің мінсіз орындалуын ұйымдастырады;

2) ауылдық округі әкімінің шешімдері мен өкімдерінің жобаларын әзірлейді;

3) ауылдық округтің әлеуметтік-экономикалық даму мәселелерінің талдауын жүргізеді, тиісті ұсыныстар мен кепілдемелер дайындайды;

4) ауылдық округі әкімінің ақпаратты-талдамалы, ұйымдық-құқықтық және материалдық-техникалық қызметін қамтамасыз ету;

5) ауылдық округі әкімі қызметінің құжаттамалық қамтамасыз етуін жүзеге асырады;

6) жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін есепке алу мен қарастырылуын қамтамасыз етеді, ауыл әкімімен азаматтардың жеке қабылдауын жүргізуі ұйымдастырады;

7) әкімі құқық қорғау органдарымен және сот жүйесі органдарымен ауылдық округте заңдылықты және құқықтық тәртіпті нығайту сұрақтары бойынша үйлестіруді және өзара әрекеттесуін қамтамасыз етеді;

8) ауылдық округі әкімінің шешімін, өкімін сақталуын қамтамасыз ету;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік көрсетілетін қызметтер қамтамасыз етеді;

10) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де функцияларды жүзеге асырады.

16. Құқықтары мен міндеттері:

1) аудан әкімі аппаратының әкімгері болып табылатын бюджеттік бағдарламалар мен стратегиялық жоспарды әзірлеуде жергілікті халық

жиналышына талқылауға жиынға Қазақстан Республикасының бюджеттік заңнамасына сәйкес ауданың бюджет құрамында қарастырылған бағыттар бойынша жергілікті сипаттағы мәселелерді қаржыландыру бойынша ұсыныстар беруге;

2) жергілікті бюджетті бекіту (нақтылау) кезінде аудандық мәслихат сессияларының жұмысына қатысуға;

3) жоғары түрған органдарға еңбекпен қамтуды қамтамасыз ету, атаулы әлеуметтік көмек көрсету жөнінде ұсыныс енгізуге;

4) мемлекеттік мекемеге жүктелген функцияларды орындау үшін ведомстволардан, жергілік мемлекеттік басқару органдарынан қажетті ақпараттық, әдістемелік, нормативтік материалдарды, статистикалық мәліметтерді алуға;

5) аудан әкімінің қарауына, құзыретіне кіретін мәселелерді шешу жөніндегі ұсыныстарды енгізуге;

6) мемлекеттік мекеменің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша белгіленген тәртіппен мәжілістерді шақыруға;

7) мемлекеттік мекеме қызметкерлерінің біліктілігін арттыруды қамтамасыз етуге;

8) Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес, шағымдарды және жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарауға;

9) колданыстағы заңнамаларда қарастырылған, осы Ереженің міндеттері мен функцияларынан туындастырылған жағдайлардың өтініштерін қарауға.

3. Мемлекеттік органның қызметін үйімдастыру

17. Мемлекеттік мекемесін басшылықты мемлекеттік мекемеге жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын бірінші басшы жүзеге асырады.

18. Мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке аудан әкімімен тағайындалады және қызметтен босатылады.

19. Мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысының өкілеттілігі:

1) мемлекеттік мекеменің жалпы басқаруын, мемлекеттік мекеменің жұмысын үйлестіреді және бақылайды;

2) мемлекеттік органдарда, өзге де үйімдарда мемлекеттік мекеме білдіреді;

3) мемлекеттік мекеме атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

4) өз құзыретіндегі мәселелер бойынша заңда белгіленген тәртіппен шешім және өкімдер түрінде ауылдық округі аумағында міндетті күші болатын актілер шығарады;

5) есеп және қызметтік құжаттамаларға қол қояды;

6) мемлекеттік мекемесінің шығыстар сметасын бекітеді және оның шегінде қаржы қаражаттарын басқарады;

7) заңнамаға сәйкес мемлекеттік мекеменің қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және жұмыстан босатады;

8) заңнамада белгіленген тәртіpte мемелекеттік мекеме қызметкерлеріне тәртіптік жаза беру және көтермелеге шараларын қолданады;

9) сенімхаттар береді;

10) мемлекеттік мекеме қызметкерлерінің міндеттерін және олардың өкілеттік шеңберін белгілейді;

11) мемлекеттік мекеме қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулыштарын бекітеді;

12) аудан әкімінің тапсырмаларын орындайды;

13) сыйайлас жемқорллық қарсы шаралар қабылдайды, сыйайлас жемқорллық қарсы заңнаманың орындалуына дербес жауапты болады;

14) Қазақстан Республикасының заңнамасымен, осы Ережемен және уәкілетті органмен жүктелген басқа да функцияларды жүзеге асырады.

Мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға орындайды.

4. Мемлекеттік органдың мүлкі

20. Мемлекеттік мекеменің заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болу мүмкін.

Мемлекеттік мекеменің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

21. Мемлекеттік мекемесіне бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

22. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, мемлекеттік мекеме өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5. Мемлекеттік органды қайта үйымдастыру және тарату

23. Мемлекеттік мекемені қайта үйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК